

*Әділет министрдің орынбасары З.Х. Баймолдина  
Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір  
заңнамалық актілеріне төреліктің  
және аралық соттың қызметін жетілдіру  
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар  
енгізу туралы» Заң жобасы бойынша сөзі*

## **Құрметті депутаттар!**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын біз Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 13-тармағын орындау барысында әзірледік.

Заң жобасымен жұмыс жасау шеңберінде Әділет министрлігі аралық соттардың және төрелік қызметін реттейтін қолданыстағы заңнаманың жай-күйін талдады, осы салада орын алған мәселелер анықталды, сондай-ақ халықаралық тәжірибе зерделенді.

«Аралық соттар туралы» және «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» заңдар 2004 жылы қабылданған. Осы заңдар сегіз жыл бойы қолданыста болғанына қарамастан, олар осы институттардың кең ауқымды қолданылуына жеткілікті серпін бере алмады.

Бүгінде ХХІ ғасырда дамыған мемлекеттерде экономикалық және халықаралық құқықтық даулардың 70-90 пайызы аралық сот ісін жүргізу шеңберінде шешіледі. Аралық сот ісін жүргізуді қолданудың негізгі себебі – кәсіпкерлік субъектілеріне дауларды шешудің демократиялық, жедел және экономикалық тәсілдерін ұсыну.

Бүгінде Қазақстан нарықтық экономикалы әлемдік қоғамдастықтың тең құқықты мүшесіне айналды, біздің еліміз әлемдегі айтарлықтай серпінді дамушы мемлекеттердің бірі ретінде сипатталады. Жыл сайын бизнес - орта жақсаруда,

Қазақстан өңірдегі инвестициялар үшін неғұрлым тартымды елге айналды.

Осы оң үрдістер, әрине кәсіпкерлердің қызметінің жандануына және нәтижесінде даулардың туындауына ықпал ететін болады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей шаруашылық субъектілеріне осындай дауларды аралық (төрелік) соттарда шешкен дұрыс.

Қазіргі уақыттағы Қазақстандағы сот процесі өзінің ұзақтылығы мен көп сатылылығымен сипатталады. Бұл бизнеске олардың арасында туындаған дауларды жедел шешуге мүмкіндік бермейді, сондықтан мұндай дауларды төрелік пен аралық соттар арқылы шешкен жөн.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы төрелік және аралық соттарды нығайтуға бағытталған.

Заң жобасымен 3 кодекске (Азаматтық іс жүргізу кодексіне, Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексіне (Салық кодексі), Қылмыстық-іс жүргізу кодексіне), сондай-ақ 8 заңға («Адвокаттық қызмет туралы», «Аралық соттар туралы», «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы», «Концессиялар туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Кәсіптік одақтар туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы») Заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Негізгі ұсынылып отырған жаңалықтардың мәні келесіде:

**Бірінші.** Төреліктің және аралық соттың құзыреттерін қолданыстағы заңнамада көзделгендей азаматтық-құқықтық шарттардан емес, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды қарау құқығын беру арқылы кеңейту ұсынылады.

Сонымен қатар аралық және төрелік соттар өмір және денсаулықпен, жеке өмірге қол сұқпаушылықпен, жеке және отбасы құпиясымен, атына құқығымен байланысты мүлктік емес сипаттағы дауларды қарауға құқылы еместігін заңнамалық тұрғыда бекіту қажет.

Бұл көрсетілген құқықтар бойынша даулар неғұрлым жоғары дәрежеде жария құқық түйісуімен негізделеді.

Анықтамалық: қазіргі уақытта «Аралық соттар туралы» Заңның 7-бабы 5-тармағына сәйкес:

- мемлекеттің,
- мемлекеттік кәсіпорындардың,
- кәмелетке толмаған адамдардың,
- заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың,
- аралық келісімге қатысушылар болып табылмайтын адамдардың **мүдделерін** қозғайтын даулар,
- табиғи монополиялар субъектілерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие субъектілердің көрсетілетін қызметтерді ұсынуы, жұмыстарды орындауы, тауарларды өндіруі туралы шарттардан туындаған,
- сондай-ақ банкроттық туралы істер жөніндегі **даулар** аралық соттардың ведомстволық қарауына жатпайды.

Сонымен қатар, «коммерциялық» тек қана мүліктік қатынастарды білдіретіндіктен «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» Заңның атауын «Халықаралық төрелік туралы» деп өзгерту қажет. Ұсынылып отырған өзгеріс жеке мүліктік емес құқықтармен байланысты дауларды шешуде төрелік соттың құзыретін кеңейтуге негізделген.

Осы түзетуді енгізу «Аралық соттар туралы» Заңның 1-бабын Шетелдік төрелік шешімдерін тану және іске асыру туралы Нью-Йорк Конвенциясының 2-бабы 1-тармағына сәйкес келтіру қажеттігіне негізделген. *(Президенттің 1995 жылғы 4 қазандағы № 2485 қосылу туралы Жарлығы) (бұдан әрі- Нью-Йорк Конвенциясы).*

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, **АҚШ, Украина, Польша, Австрия** заңнамасына сәйкес төрелік іс қараудың мәні іс жүзінде мүліктік және мүліктік емес сипаттағы кез-келген дау болуы мүмкін.

Осы түзетулердің қажеттігі негізінде жалпы заң құзыры бар соттардың азаматтық істерді қарау статистикасына тоқтала кеткен жөн.

Айталық, **2010 жылы** соттар шамамен 700 000 азаматтық істерді қараған. Бұл ретте қаралған азаматтық істердің жалпы санына 75%-ы талап қою бойынша іс жүргізуді құрайды. **2011 жылы** соттар 500 000 астам азаматтық істерді қараған.

Қаралған азаматтық істердің жалпы санының 74 %-ы талап қою бойынша іс жүргізуді құрайды.

Осы сандардан көріп отырғанымыздай, бүгінгі күні соттардың азаматтық істерді қарау кезіндегі жүктемесі өте үлкен. Өз кезегінде, **2011 жылы** аралық соттар 22 істі, төрелік -3 істі қараған.

Біздің пікірімізше, аралық соттардың және төреліктің құзыретін кеңейту мемлекеттік соттардың жүктемесін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

**Екінші.** Халықты хабардар ету үшін заң жобасымен «Аралық соттар туралы» Заңға тұрақты жұмыс істейтін аралық сот өзінің аралық соттарының тізілімін жүргізетін норманы енгізу. Тұрақты жұмыс істейтін аралық соттың, оның заңды мекенжайы, жұмыс регламенті, аралық соттардың тізілімі туралы ақпарат жеке және заңды тұлғалар еркін танысуы үшін бұқаралық ақпарат құралдарында және жалпы пайдаланудағы телекоммуникация тораптарында орналастырылады. Осы жағдайды заңды түрде бекіту халықтың аралық соттар туралы хабардар болуын және дауларды баламалы шешуде олардың құқықтық сауаттылығын көтеруге ықпал етеді.

Төреліктердің және аралық соттардың рөлін нығайту үшін осы саланы заңнамалық тұрғыдан ғана жетілдіру жеткіліксіз. Атап айтқанда, жұртшылықты жұмыс істеп жатқан төреліктердің және аралық соттардың қызметі туралы хабардар ету керек. Бұл жұмыста құзыретті мемлекеттік органдардың барлығы : Жоғарғы Сот, индустрия және жаңа технологиялар, экономикалық даму және сауда министрліктері, сондай-ақ «Атамекен» Одағы, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» тәрізді кәсіпкерлік бірлестіктерінің белсенді қатысуы керек.

**Үшінші.** Аралық соттар мен халықаралық коммерциялық төрелік туралы заңнаманы жетілдіруде сондай-ақ редакциялық сипаттағы түзетулер енгізу арқылы ұсынылады.

Азаматтық іс-жүргізу кодексінің 25 бабының атауы мен мазмұнында «аралық сот» сөздері алдында «төрелік және» сөздерімен толықтыруды қажет етеді. Азаматтық іс-жүргізу кодексінің 61 бабының бірінші бөлігінде, 170 баптың 4) тармақшасында, 185 және 192 баптарында «аралық сот» сөздері алдында «төрелік және» сөздерімен толықтыру қажет.

Салық кодексінің 548 бабының 1 тармағының 1-1) тармақшасы да сол түзетуге жатады: «аралық сот» сөздері алдында «төрелік және» сөздерімен толықтыру қажет.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкелмейді.

Заң жобасын жүзеге асыру мемлекеттік шығындардың ұлғаюына немесе мемлекеттік кірістердің азаюына әкелмейді.

Тыңдағандарыңызға рахмет.